

**Ж.С. Жылгелді**

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей, Қазақстан  
(E-mail: jeka\_semey@mail.ru)*

### **Шығыс Қазақстан өңірі шаруа қожалықтарын жаппай күштеп ұжымдастыруға қарсы көтерілістердің себептері**

**Аңдатпа.** Мақалада XX ғасырдың 20-жылдарының соңы мен 30-жылдарының басындағы Қазақ АКСР-дағы ұжымдастыруға қатысты мемлекеттік саясат пен оның Шығыс Қазақстан өңіріндегі көтерілістердің себептері зерттелген. Шығыс Қазақстан өңіріндегі Кеңес үкіметінің ұжымдастыру саясатына қарсы шаруалар көтерілісінің себептері туралы кеңестік кезең мен кейінгі кезеңдегі тарихнама жетістіктері қарастырылған.

Автор зерттеуінде кеңестік кезеңдегі көтерілістердің себептері туралы зерттеулердің бағыт-бағдарымен, оның шынайылығына, әрі, мемлекеттік саясаттың ықпалына баға беріледі. Қазіргі уақыттағы зерттеулердің бағыт-бағдарлары мен оның ерекшеліктері толық талданып, мақсаттары айқын көрсетіледі.

XX ғасырдың 90-шы жылдарынан кейін жарық көрген еңбектерді сараптап, оларды кеңестік кезеңде жарияланбаған, тың мұрағат құжаттары пайдаланып, зерттеу аумағын кеңейтіп, жаңа сападағы тұжырымдар жасаған.

Зерттеу барысында XX ғасырдың 20-шы жылдарының соңы мен 30-шы жылдарының басындағы жаппай күштеп ұжымдастыруға қарсы бағытталған көтерілістердің саяси-әлеуметтік және экономикалық, мәдени себептері анықталған.

Ұжымдастыру саясатының қазіргі Шығыс Қазақстан өңіріндегі көтерілістердің басқа аймақтардағы көтерілістерден айырмашылығы мен ұқсастығы талданған.

**Түйін сөздер:** көтеріліс, ұжымдастыру, әлеуметтік мәселелер, тарихнама, Шығыс Қазақстан өңірі, 1929-1932 жылғы көтерілістің себептері.

**DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2020-130-1-25-34>**

Бүгінгі тарихнамамызда 1920-жылдардың соңы мен 30-жылдардың алғашқы кезеңдеріндегі Қазақ АКСР-дағы шаруа қожалықтарын күштеп ұжымдастыруға қарсы қарулы көтерілістер тарихы зерттеле басталды. Берілген кезеңнен бастап бүгінгі күнге дейін мәселенің тарихнамасы күрделі және қайшылықты жолдардан өтті, жалпы алғанда, сатылап дамыды. Бүгінгі таңда шаруалардың қарулы көтерілістері мен баскөтерулерінің тарихы туралы бірқатар ғылыми еңбектер жарияланды. Ал Шығыс Қазақстан өңіріндегі шаруалардың қарулы қарсылықтарының тарихы, оның себептері көп еңбектерде ішінара және жалпылама түрде зерттелуімен шектелуде.

XX ғасырдың 20-шы жылдарының соңында жүргізілген жайылымдық және шабындық жерлерді қайта бөлу шарасы сәтсіз аяқталғанын айқындап берді. Ф.И. Голощекин бұл шараны «Кіші Октябрь» деп атап өте жоғары мән бергенмен, бұл науқан Ф.И. Голощекиннің қазақ ауылдарында жерге рулық және қауымдық меншік орныққанын түсінбегенін, қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығының ерекшеліктерін білмейтінін айқындап берді. Сондықтан «шабындық және жайылымдық жерлерді қайта бөліске салу, қазақ байларына тежеу салып, ауылдағы әлеуметтік теңсіздікті жояды және ауылда кеңестендіру саясатын берік орнықтырады», - деген сыңаржақты көзқарасты қалыптастырды. Десе де, республикадан, облыстардан, аудандардан жіберілген өкілдер жергілікті жерлерде кедейленген шаруаларға шабындық және жайылымдық жерлерді бөліп берменмен, малы мен мүлкі жоқ кедейленген шаруалар өкілдер қайтып кетісімен-ақ, бөлініп берілген жерлерді рулық ауылға немесе қауымдастыққа қайтадан қайтарып беріп отырды. Осылайша, науқан сәтсіз аяқталды. Қа-

зақ АКСР-ның басшылығында тұрған Ф.И. Голощекинге таптық жіктелуге емес, ағайыншылыққа, бауырласуға шақыратын пікір ұнай қоймады. Ол ғасырлар бойы қалыптасқан көшпелі мал шаруашылығын жүргізуді меңгерген қазақ қоғамының іскер тобы – байлардың көзін жоймайынша, қазақтарды басқа даму жолына түсіру мүмкін еместігін анықтады. Көп кешікпей 1927 жылы жергілікті кеңесті сайлау кезінде байлардың дауыс беру құқығын шектеп, байларды түбірімен жойып жіберуді көздеді. Мәселенің күрделілігі және шұғыл түрде жүргізілуі күнтізбесіне қойылады. Бұл мәселеде Қазақ өлкелік партия комитеті басшыларында ауызбірлік бірден орныққан жоқ.

Смағұл Сәдуақасов пен оның пікірлестері халықты әлеуметтік апаттан сақтап қалуды ойлап, қазақтың ірі байларына қарсы қатал шаралар қолдануға қарсы шығып, салық саясатымен реттеуді ұсынды.

Ораз Жандосов және оның пікірлестері «рушыл, жартылай феодалдар» аталған байларды ғана емес, күллі қазақ байының көзін жойып, саясатты жүргізуде батылдық танытуға шақырды.

Сұлтанбек Қожанов және оның пікірлестері қазақ байларына қысым жасауды қолдамайды [1, 92 б.]. Қазақ зиялыларының ой-пікірлері ескерілместен, республиканың кейбір аудандарында жергілікті кеңестер асыра сілтеген шешімдер қабылдап, ірі байлардың малын тәркілеп, өздерін жер аударуды іске асыра бастады. Қазақ зиялыларының әртүрлі пікірді ұстануы да Қазақ АКСР-ның басшылығындағы Ф.И. Голощекинге орталықтың саясатын еркін жүргізуге мүмкіндік бергені айқын.

1930 жылы Семейдің округтік комитеті халықтың 15-30%-ын ұжымдастырып, ұжымшарлардың егістік алқабының көлемін 150 000 га жеткізуді, 24 ірі егін шарушылығы мен 5 ірі мал шаруашылығы ұжымшарын құру жөнінде қаулы қабылдайды.

1930 жылдың 5-ші қаңтарында Орталық «Ұжымдастыру қарқыны және колхоз құрылысына қатысты көмек мөлшері» атты қаулысы жарияланып, ұжымшар қозғалысының жаңа кезеңін бастап береді. Құжатта жаппай ұжымдастыру саясаты негізінде кулақты тап ретінде жоюды көтеріліп, большевиктердің жаңа таптық саясаты анықталады.

Орталықтан жіберілген таптық күштерді, әрбір аудандағы ұжымшар қозғалысының даму деңгейін ескере келе, барлық облыстар мен республикалардағы ұжымдастыру науқанын жүргізудің үш тобын анықтайды және жергілікті жердің жағдайына сай жаппай ұжымдастыруды аяқтаудың мерзімін белгілейді.

Ұжымдастырудың алғашқы тобына 1931 жылдың көктеміне дейін аяқтауға мүмкіндігі бар Солтүстік Кавказ, Төменгі Волга, Орта Волга сияқты астықты аудандар жатқызылды.

Екінші астықты аудандар тобына Украина, Сібірдің Орталық-Чернозем облысы, Орал және тағы да басқа аудандарында 1932 жылдың көктемінде аяқтау белгіленді.

Жалпы Қазақстан, оның ішінде Шығыс Қазақстан өңірінде ұжымдастыруды аяқтау мерзімі шаруашылық жүргізудегі отырықшы және көшпелі аудандардың экономикалық жағдайына қарай анықталды.

Қазақстанның отырықшы аудандары ұжымдастырудың КСРО-ның негізгі астықты аудандарынан дамуы жағынан артта қалып келе жатқанына қарамастан, алғашқылардың бірі болып жаппай ұжымдастыруға көшуге қажетті жағдайға ие деп белгіленіп, егіншілікпен айналысатын отырықшы аудандар жаппай ұжымдастыруды 1932 жылдың көктемінде аяқтауды көздеген екінші топқа жатқызылды.

Кеңестік дәуірде жарық көрген еңбектерде партия саясатына қарсы шаруалар көтерілісі тап күресі шеңберінде қарастырылды. Сонымен қатар, олар сипаты жағынан «бандиттік», «антикеңестік», «контрреволюциялық» қозғалыстар ретінде бағаланды. Тарих ғылымы саяси жетекшілер тарапынан қатаң бақыланып, тарихшы-ғалымдар жаппай күштеп ұжымдастыруға қарсы шаруалар көтерілісін жалпылама түрде атап көрсетумен

ғана шектеліп, көтерілістердің негізгі себебі ретінде дәулеттілер жекеменшік мүлкін мемлекет есебіне өткізуге бастартуында деген тұжырым жасауға мәжбүрледі.

1929-1932 жылдардағы күштеп ұжымдастыруға қарсы көтерілістерді терең зерттеген Талас Омарбеков Қазақ АКСР-ның басшылығы орталыққа жіберген рапорттарында: «Банды басшыларының кеңес үкіметі мен кулактарды арандатулары, наразылық күштерді топтастыруы, ал екіншісі ауылдағы тандаулы адамдарды округтық жұмысқа совхоздарға, оқу орындарына алып қоюға, байланысты жергілікті жерлерде негізінен ескі кадрлардың қалуынан туындады», - деп көтерілістердің себептерін атап көрсеткенін айтады [1, 130 б.]. Жаппай күштеп ұжымдастыруға қарсы көтерілістердің басты себептерін АКСР-ның жетекшісі Ф.И. Голощекиннің 1930 жылы 21 сәуіріндегі «Қазақ ауылындағы 91 жағдай туралы» хатында: «бай, атқамінер, ру басысы әлі де ауылда елеулі күш болып табылатын тап күресінің шиеленісе түсуінен» [1, 127 б.], – деп көтерілістің шынайы себептерін бұрмалап көрсеткенін анық байқалады. Оның пікірінше, «байлардың қолжаулықтары, топшылдар зиянды адамдарын дайындап, ол агенттерімен бірге қаскүнемдік істерін жүзеге асырған». Бұл Кеңес үкіметінің төменгі әкімшілік қызметкерлерінен бастап, жоғары лауазымды мемлекет жетекшілеріне дейін көтерілістің басты себептерін бұрмалап көрсетіп, бір жақты ғана түсіндіріп келді деген қорытынды жасаймыз. Десе де Талас Омарбеков «Қазақ АКСР-ның басшылығының қазақ ауқаттыларын тәркілеу кезінде большевиктердің кедейді байға қасақана түрде арандату саясаты арқылы белгілі бір дәрежеде халықтың көтеріліске шығуға түркі болуын» атайды [1, 128 б.].

XX ғасырдың 90-шы жылдарынан жаппай күштеп ұжымдастыруға қарсы көтерілістер жаңа бағытта зерттеле бастады. Осы зерттеулердің алғашқыларының бірі де жоғарыда атап көрсеткен Талас Омарбековтың «20-30-жылдардағы Қазақстан қасіреті» еңбегін атап айтуымызға болады. Онда көтерілістің шынайы себептері кеңінен қарастырылды. Талас Омарбеков жаппай күштеп ұжымдастыруға қарсы шаруалар көтерілісінің шынайы себептерін ашуда мемлекет басшыларының баяндамалары мен олардың жүргізген іс-қағаздарына қарағанда, көтерілісшілердің мемлекеттік комиссияға жазған хаттарының маңызына жоғары баға береді. Оған дәлел ретінде 1930 жылы Қарақұм көтерілісшілерінің мемлекет басшыларына жазған хатындағы мемлекеттік комиссияға қойған талаптарын ұсынады:

1. Әділетсіз тәркілеген мал-мүлікті қайтарсын;
2. Дін бостандығын берілсін, мешіттерді қайтарсын, дін рәсімдерімен шаралар ұйымдастыруға кедіргі жасалмасын;
3. Ірі байларды тәркілеу жүзеге асырылып, орта шаруа қожалықтарын тәркілеу тоқтатылсын;
4. Ұжымшарға зорлап кіргізуді тоқтатын және оған ерікті негізде кіру қағидасы басшылыққа алынсын;
5. Қазақ даласында тапқа бөлу мен жіктеу тоқтатылсын және дауларды қарастыруға комсомолдар емес, ауылдың жалпы жиналысының құзырына берілсін;
6. Салық мал-мүліктің мөлшеріне қарай салынсын және егін екпейтіндерге астық салығы салынбасын...» [1, 131 б.]. Сонымен қоса, көтерілісшілер байлардың мал-мүлкін тәркілеу жөніндегі қаулыны сынап хат жазған жағдайлардың да кездесетініне назар аударған. Бұл өз кезегінде Кеңес үкіметі жетекшілері айтқанындай, көтерілісшілер ірі жер иелерін қорғау немесе қуғындауды көздедеді деген біржақты қорытынды жасауға негіз болмауы тиіс. Бұған «Қарақұмға жиналған қазақ азаматтардан!» атты хатта: «Қазақ даласында байлар жоқ, сондықтан 58-бапты басшылыққа алмай-ақ, 58-бап бойынша жері барларға тек салық салуды өтінеміз... Біз мемлекеттік міндеткерліктен ешқашан жалтармаймыз. Біз үкіметке қарсы шықпаймыз, наразылық білдірмейміз. Тек адамша өмір сүру құқығын қамтамасыз етуді өтінеміз» [1, 131 б.], - деп жазғаны дәлел. Өйткені Кеңес үкіметінің жетекшілері әлеуметтік таптардың шектерін анықтап жатпай, қалаған адамдарын жоғары

әлеуметтік тапқа жатқызып, олардың мал-мүліктерін тәркіледі. Тіпті, кейбір жағдайларда жер аударып жіберді. Көтерілісшілердің ұжымшарларға мәжбүрлеп кіргізу, дін бостандығы сияқты тағы да басқа кеңес басшылары алдында қойған талаптары мүлдем ескерілмеді. Бұл талаптар Кеңес үкіметінің отаршылық саясатына қарсы келгендіктен, айтылмай жабулы қазан күйінде қалып келгені түсінікті. Өйткені бұл талаптар ұжымдастыру саясатының астарында адамдардың жекеменшікті иелену қасиетін жойып, туған жері мен суына, малы мен мүлкіне, тілі мен діліне, діні мен дәстүріне, салт-санасына бейберекет қарауды көзделгенін айқындайтын. Оның бұл астарын коммунизм туралы жазылған еңбектерде ашық айтылады. Мәселен, Карл Маркс «1844 жылғы қолжазбалар» шығармасында: «Адам теңдікке және бостандыққа жету үшін қоғамның мүшесі бола отырып, материалдық игілікке деген мұқтаждықтан бас тартуы, яғни жатсынуы керек», - деп жазды. Сонымен қатар, ол осы еңбегінде коммунистік революцияны жүзеге асыру үшін әлемдік деңгейдегі өндіріс күшінің қауаты қажеттігін, өйтпегенде «кедейшілік кең таралып», адамдар арасында қайтадан материалдық игілікке иелік етуге деген күрес өрши түседі деп ойын түйіндейді. Екінші бір «Гот бағдарламасына сын» еңбегінде «Молшылық» коммунизмге тән белгілердің бірі деп көрсетіп, адамдардың мүлікті иелену ұмтылысын жоюына кепілдік беру қажеттілігін және пролетариат табы кемеліне жеткенде, әлеуметтік реформаларға толық қанағаттанады деп айқындайды [2]. Қысқаша айтқанда, «Қажеттілік патшалығын», яғни, «Жекеменшікті» жатсыну жүйесі адамды объективті күштердің қуыршағына (Еңбек бөлінісі, жеке бастың тәуелділігі, базар, капитал және мемлекет...) айналдырады [3]. Бұған 1931 жылы 27 қыркүйекте Қарауыл ауылдық кеңесінің тумасы, әлеуметтік жағынан – кедей, Адилшин Даулетбайды тергегенде жазылған хаттаманы талдасақ көз жеткіземіз. Ол тергеушіге берген жауабында Кемпірбай Ысқақовтың халық алдында: «Біз ашпыз, аудан орталығында бидай және тағы басқа азық-түліктер бар, сондықтан, шабуыл жасауымыз керек. Кеңес өкіметінің саясатының мәні осындай, өзгеше болуы мүмкін емес, өйткені ол жеке меншікті құртады, сөйтіп жұмыс істемей, жалқауланып, басқа да ауқатты адамдардың есебінен күн көргісі келетіндерге мүмкіндік береді. Бірақ мұндай саясатпен алысқа бара алмайтының табиғи нәрсе, солай болып шықты да... Совет өкіметі байларға қоса, орташалар мен кедей шаруашылықтарды тәркілеумен бірге сөз жүзінде социализмге бағытталған, іс жүзінде жаппай азып-тоздыруға жетелейтін, шаруашылық-саяси науқан деп аталған бірқатар дайындау науқандарын енгізді. Ақиқатын айтыңыздаршы, барлық дерлік кедейлер мен жарлы-жақыбайды жұрдай қылған қазіргі ет дайындау науқанынан-ақ бұл айқын көрініп тұрған жоқ па. Сәл қарсылық жасасаң – түрме, «контрреволюция», ату және т.б. бұдан әрі де еңсеміз түсіп, осылай қимылсыз отыра береміз бе, көтеріліс өрті бүкіл ССРО-ны шарпып барады. Бой тасалау – Алла алдында да, қазақ халқының алдында да қылмыс. Біздің міндетіміз – жан аямай және аяғына дейін күресу» [4] деп айтқаны туралы мәлімет берген. Көріп отырғанымыздай, үндеуде кеңес үкіметіне халықтың сенімсіздігі күшейе түскені байқалады. Халық жеке меншікке немқұрайлы қарап, өзгенің мақсатын орындаудағы қуыршақ не құралы болу деген сөз. Бұл мәңгүрттенудің шынайы көрінісі екендігі белгілі. Яғни жекеменшік психологиясынан айрылған халықжерінің байлығына немқұрайлы қарайды. Ұрпақ санасы ендігі жерде ата-бабадан қалған мұраны мемлекет меншігі деп мойындаған жағдайда, ата-бабадан мұраға қалған жер-су, тау-тасты, яғни оның жер асты, жер үсті байлығын иемденуден жасқанады немесе бас тартады, өйткені тоталитарлық жүйе халықты осындай дәрежеге дейін жеткізу үшін әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолданудан аянбайды. Сондықтан, 1928-1932 жылдары жаппай күштеп ұжымдастыру жылдары шаруалардың көтеріліске шығуына да, ата-бабадан мұра болып келген жекеменшік мүлік – төрт түлік малды және жер-суды қорғау мүддесі де жатқаны айқын. Бұл Шығыс Қазақстан өңіріндегі жаппай күштеп ұжымдастыру барысынан анық аңғарылады. Ұжымдық қорды құру үшін де бекітілген заңдар мен қабылданған қаулыларда да тікелей тәркілеудің жолдары көрсетілуінің бір себебі осында

жатыр. Мәселен, ұжымдастыру қоры 1929 жылдың 1 шілдесінен бастап, шаруалар ауласынан сот арқылы тәркіленген мүліктен және артық астық тапсырмағандар мен оны тығып қойғандарға сот арқылы және әкімшілік негізде салынған барлық айыппұлдың 25%-ын құрады. Бұл салық саясаты шаруаларды көтеріліске шығуының ұзақ мерзімді себептердің бірі болғанын көрсетеді.

Ұжымдастыру қоры округтік жер басқармасының қарамағына қарады. Бұл қор ұжымдық шаруашылықтарды дамыту үшін және жаңадан құрылып жатқан ауыл шаруашылығы ұжымдарын ұжымдастыру үшін беріліп, міндетті түрде бөлінбейтін қорға тіркелді. Ал егер ұжымшарлар құлдырап жойылса, берілген ақша мен мүлік ұжымдастыру қорына қайта қайтарылды.

Атқарушы органдар сәйкесінше бағасы мен тізімі бар тәркіленген мүлікті тәркілеу жүргізілген жерге жақын орналасқан ұжымдық шаруашылықтарға уақытша сақтау үшін қалдырған (мүмкіндігінше, тәркілеу жүргізілген жердің колхозына берілген және ондағы мал-мүлік округтік және Жер басқармасының жарлығымен таратылған. Сонымен қатар, ұжымдастыру тобын тарату үшін округтік және аудандық комиссиялар құрылады. Округтік комиссия құрамында Ауыл шаруашылығы несиесі жүйесінен бір өкіл, сонымен қоса, Жер басқармасының басшысы, Қосшы, Өзара қоғамдық көмек ұйымдары сияқты округтік ұйымдардан бір өкілден, ал одан төменгі буындағы аудандық комиссияда аудандық атқару комитетінің мүшесі, жергілікті ауыл шаруашылығы несиесімен колхоз және кедейлер ұйымдарынан бір өкілінен тұрды. Округтік және аудандық комиссиялар ұжымдастыру қорының мүлкін бөлу үшін, төмендегідей қағидаларды ұстанды:

1. Ұжымдастыру қорындағы ақшалай және заттай мүліктің барлығы айыппұл салынып, тәркілеу жүргізілген ауданның шаруашылықтарын ұжымдастырудағы қажеттіліктеріне пайдалану үшін беріледі. Сонымен қатар, бұл қағида жекелеген территориялық бірліктерге (село, ауыл) де белгіленеді.

2. Сонымен бірге, қорды таратқанда барлық колхоздарға оны тең бөлуден гөрі, белгілі бір өндірістік нәтижесі яғни, қайтарымы болады деген ұжымға беріледі.

3. Мүлік, кедейлерден тұратын колхоздарды ұжымдастыру және дамыту үшін ғана беріледі [5]. Дегенмен, бұл қағидалар әркез басшылыққа алынған жоқ. Бұл қағидалар қағаз жүзінде әлсіз шаруалардың қамын күйттегенімен, іс жүзіне келгенде басқа сипатқа ие болып жатқандықтан, халықтың наразылығы туындауына себеп болды. Оның үстіне, көшпелі және жартылай көшпелі шаруа қожалықтары ешбір дайындықсыз отырықшыландырылды. Осы жағдайды ескеріп, көшпелі және жартылай көшпелі аудандарда жаппай ұжымдастыруды өткізуге ұзақ уақыт кететіні мойындалып, ресми түрде мерзімі 1933 жылға дейін ұзартылды [6]. Жоғарыда көрсетілгендей, жаппай ұжымдастыру 1929 жылдың күзінде басталып, қарқынды түрде жүргізілді. Округтің колхоз одағы өзінің «ұжымдастыру барысы» атты баяндамасында ұжымдастыру жұмыстарының саны жағынан өскендігін, әсіресе бұл көктемгі егістік науқаны кезінде айқын байқалғандығын атап өткен.

1929 жылдың 1-ші маусымында Семей округінде 9532 шаруашылықтан тұратын 539 ұжымшар құралады [7], 1930 жылдың 1-ші наурызында ұжымшарлардың саны 25%-ға өсіп, 43887 шаруашылықтан тұратын 774 ұжымшар қызмет атқарған [8], қызығы 7-наурызда көрсеткіш 30%-ға өседі. Ұжымшарлар саны 866-қа дейін артады [9]. 1930 жылдың 28-ші наурызында 68914 шаруашылықтан тұратын ұжымшарлар құрылған [10]. Осы уақыт аралығындағы өзгерістерді салыстырмалы түрде пайызбен пайымдасақ, 1929 жылы ұжымдастыру кезіндегі шаруашылықтар 5,6% көрсеткішке, 1930 жылы 11 сәуірде 40 пайызға дейін ұлғайған [11].

Шығыс Қазақстан өңірінде ұжымдастыру деңгейі біршама қарқынды түрде жүргізіледі. Оған ұжымдастырудың үлес салмағы Үржар 82%-ға, Семейде 74%-ға, Аягөзге 64%-ға, Шемонайха 53%-ға, Разинск және Шыңғыстауда 45%-ы жетеді. Шығыс Қазақстан

өңіріндегі өзге аудандарында ұжымдастыру деңгейі 40%-дан төмен болды. Ең төменгі көрсеткіш Мақаншы, Қызылтас, Қызылтаң аудандарында байқалды, онда ұжымдастыру деңгейі 6-9% аспады.

1930 жылы көктемде Семей округінде 187 село мен ауыл жаппай ұжымдастыруға көшеді, оның 90-ы Белағаш ауданына, 72-сі Разинск ауданына қараса, өзге аудандардағы бұл көрсеткіш, Өскеменде-12, Катонқарағайда-1, Бесқарағайда-7, Жармада-2, Шыңғыстауда-1, Бесқарағайда-1 село сияқты өте аз болғандығымен сипатталады [12].

Кеңес өкіметінің күштеу саясаты мен ет, астық дайындау науқандарының қатал түрде жүргізілуі, сонымен қатар, жергілікті байларды тап ретінде жою мақсатында мал-мүліктерін тәркілеу, жер аудару жергілікті халықтың өкіметке қарсы көтерілістердің басталуына алып келді.

1931 жылы Шығыс Қазақстан облысының Абыралы, Шыңғыстау, Шұбартау аудандарында халық көтеріліске шықты. Тарихта бұл «Абыралы көтерілісі», «Қамбар көтерілісі» деген атаулармен қалды. Көтерілістердің себептері талдауды және көп зерттеуді қажет етеді. Ең бірінші кезекте ет жоспарының орындалуын шамадан тыс талап етуі табанды түрдегі наразылық тудырғаны сөзсіз, өйткені негізгі табысы, әрі өндіріс көзі болып табылған мал шаруашылығы өнімдерінен айырылу өте қатты соққы болып тиді.

Абыралы тұрғындарын алғашқыда 8745 тонна, артынан 3379 тонна ет өткізуді міндеттейді. Мұндай көлемдегі етті орта шаруа қожалықтары тұрмақ, ауқатты шаруа қожалықтары өткізе алмайтыны түсінікті. Большевиктер басшылығындағы коммунистік партия белсенділері «сенімді ақтауға» бірден кіріседі. Абыралы ауданының 12 ауылындағы халық жаппай көтеріліске шығады. Т. Омарбеков Абыралы, Шыңғыстау, Шұбартау көтерілістерінің көшбасшылары, жүру барысы туралы зерттеп, көтерілістердің 1931 жылдың ақпан айынан бастау алып, ОГПУ-дың Ерекше үштігінің мамыр мен маусым айларында көшбасшылары мен қатысушыларын жазалау шараларымен аяқталғандығын көрсетеді [1, 226 б.].

Ауданның шығыс жағында орналасқан 2, 3, 5, 7, 12 және 14- ауылдарды біріктірген Қосқан Бітебаев, Түскей Смағұлов, т.б. көтерілісті ұйымдастырып, құрамында 700-дей адамдай аудан орталығы – Қайнарға шабуыл жасайды. Ауданның солтүстік-батыс жағындағы 4-6 ауылда Ысқақ Кемпірбаев бастаған 300-ден астам шаруалар (қазіргі Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы “Бақты”, “Еңбек”, “Прогресс” ауылдарының жерінде) қарсылығы тегеурінді сипатта өтіп, кеңестік әскерге бір айға дейін берілмейді. Ауданнан шыққан коммунарлар отрядын (20 адам) тұтқынға алып, үкіметке зорлық-зомбылық саясатын тоқтату жөнінде талап қойған олар елден тартып алынған мал мен астықты халыққа қайтартып бергізеді. Оларды артынан анықтап, Қылмыстық кодекстің мына баптары бойынша жазалады: 58-2 бабы – қарулы көтерілісі немесе кеңестік аумаққа контрреволюциялық мақсатта қарулы бандылардың енуі, 58-7 бап- зиянкестік, 58-10 бап – контрреволюциялық насихаттау немесе үгіт, 58-14 бап – контрреволюциялық саботаж. Бұл баптар бойынша жазалау шаралары – 3 жылға дейін бас бостандығынан айырудан бастап, ату жазасына дейін кеседі. Көтерілісшілерге қарсы қуғын-сүргін ауқымының кенеюі шаруалардың наразылығын одан бетер күшейтеді.

1930 жылдың наурызынан Шығыс Қазақстан облысының Шұбартау, Шыңғыстау, Зярын, Марқакөл, Катонқарағай және тағы басқа аудандар бойынша тұтқындалған шаруалардың саны күрт артады. 1930 жылдың 15 сәуірінен 1 мамырға дейінгі ақпараттық бюллетеньде жазылғандай, соңғы кездері кулак шаруашылықтарына қуғын-сүргін шараларын қолдануға байланысты... кулактардың белсенді және ашық наразылықтары жиілей түскен... Катонқарағай ауданы, Ақсу ауылы, Шемонайха ауданы Үбі ауылы, Разин ауданы Митрофанов ауылы... Шаруалар қоғамдық қызметкерлердің өміріне қауіп төндіріп, зиян келтіреді және өртейді, билік өкілдерін соғады және т.б. Разин ауданында астық дайындау шараларына қарсы әртүрлі діндер мен діни секталардың поптары белсенді қарсы шыққан оқиғалар

жиі кездеседі.

Шығыс Қазақстандағы көтерілістердің ерекшелігі - қатысушылардың ұлттық сипатына байланысты екендігі. Себебі, өлкенің Абыралы, Шыңғыстау, Шұбартау аудандарындағы көтерілістерге қазақ тұрғындары қатысса, Өскемен, Зырян, Шемонайха, Самар, Көкпекті, Катонқарағай аудандарында орыс тұрғындары белсенділік көрсеткен. Профессор Талас Омарбеков Шығыс Қазақстандағы наразылықтардың ішінде Өскемен және Зырян көтерілістеріне бірыңғай орыс тілді халық қатысқан жалғыз көтеріліс екендігін атап көрсетеді [13].

Шығыс Қазақстандағы жаппай ұжымдастыруға қарсы шаруалар көтерілісінің себептерін Еркін Рахметтулин зерттеулерінде қамтиды. Ол Абыралы көтерілісінің басшысы Кемпірбаев Ысқақтың азаматтардың бас қосқан жиындарының бірінде: «Көтерілісші азаматтар! Біздің алдымызда қиын, бірақ қасиетті міндет тұр – тонаушылардың бірі Сталин басқарған советтік езуші билікті құлату міндеті тұр». Совет өкіметінің Қазақстандағы тонаушылық саясатының мәні мен міндеттері туралы айтудың қажеттігі жоқ. Совет өкіметінің өзі сөзбен емес, іс жүзінде өзінің осы саясатының мәнінің қандай екенін көрсетті. Алысқа бармай-ақ таяудағы өткенімізге көз салып байқайықшы: 1928 жылы осы саясатты іс жүзінде жүзеге асырудың алғашқы қадамы жасалды, совет өкіметі қауқарсыз болғандықтан мұны одан ерте бастай алмады. 1928 жылғы «ірі бай шаруашылықтар» деген атаумен тәркілеу Қазақстанның экономикасына қатты соққы болып тиді, біздің алдыңғы қатарлы, парасатты азаматтарымыз бұдан әлдеқайда бұрын болжаған тонау басталды. Сіздердің баршаңыздың естеріңізде болар, 1928 жылы-ақ біздің ғалымдарымыз былай деді: «Алдымен «ірі байларды» тәркілейді, сосын «ұсақ байларды» іздеп тауып, оларды кедейлендіреді, содан соң «орташаларды» қолға алады және ақыр соңында «кедейлердің» өзіне ауыз салады...», - деп сөйлеген сөздеріндерін талдай келе, көтерілістің негізгі себептерінің бірі қазақ шаруаларын ешбір тәртіпсіз жаппай тәркілеуі екенін анық көрсетсе, екіншіден жергілікті әкімшілікті былай қойғанмен бірге, жалпы орталыққа да сенімсіздік танытып, большевиктер билігінің заңсыздығын ашып көрсетеді [14].

Шығыс Қазақстан өңіріндегі жаппай күштеп ұжымдастыруға қарсы шаруалар көтерілісінің себептерін зерттеуде А.С.Жанбосинова, Қ.Р. Жириндинованың зерттеулеріндегі ғылыми айналымға енгізілген тарихи фактілері маңызды болып келеді. 1931 жылы 28 қыркүйекте тергелген Амиров Булау тергеушілерге берген жауабында, аудан орталығына шабуыл жасау себебі, ескі билікті қалыпқа келтіріп, бұрынғыша өмір сүргілері келгеніне ерекше тоқталған, ал тергеушінің патшалық және кеңестік өкімет кезіндегі шаруашылығыңыздың саны қандай болды деген сұраққа, екі билік кезінде де 10 шақты қойы, 3 жылқысы, 1 түйесі, 1 сиыры болғандығын, қазіргі уақытта оның барлығы тәркіленгенін айтқан. Абыралы көтерілісшілерінің тергеу барысында берген жауаптарын талдасак, қарапайым ауыл тұрғындары әлеуметтік жағдайларының төмендеуі, аштықтың болуы және Кеңес өкіметінің күштеу саясатына қарсылық және оған сенімсіздік болғандықтан қатысқанын айқындаймыз. Кешке көпшілігі байлардан тұратын 50-60 адам жиналып, жиналыс өткізген. Ірі байлар Бұламбаев Қылыш пен Ахметжанов Санияхас жиналған адамдар алдында сөйлегенде: «Қазіргі бүкіл Кеңес Одағында, сонымен қатар біздің облыс пен ауданда қарулы күрес жолымен Кеңес билігін жойып, «бай-феодалдық құрылысты»... қалпына келтуді мақсат етіп отырған бұқаралық қарулы көтерілістер етек алды. Шұбартау, Аягөз және тағы басқа аудан орталықтарын біздің көтерілісшілер басып алды. Біздің мақсатымыз – Шәкәрім Құдайбердиев, Қасымбек Солтабаев және ағайынды Мұхтар мен Муштар Дүтбаевтар басқарған басты күштерге қосылуы. Бүгін бұрынғы Шыңғыстау қазіргі Абай ауданының орталығын басып алу қажет. Барлық аудандық қызметкерлерді, әсіресе коммунистердің көзін жою қажет. Барлық мемлекеттік және кооперативтік қозғалмалы және қозғалмайтын мүліктерді көтерілісшілер арасында национализовать ету керек» [15], - деп атап көрсеткен. Бұл ұжымдастырудың ешбір ғылыми зерттеулерсіз жүргізілгендігін және қазақ шаруала-

рының большевиктерге сенімсіздік танытып, олардың билігін танымағанын айқындайды. Қорытындылай келгенде, И.В. Сталин басшылығындағы большевиктердің коммунистік партиясы Қазақ АКСР-дағы 1929-1933 жылдары жүргізген ауыл шаруашылығын жаппай күштеп ұжымдастыруды алдын ала жоспарламағандығына, көптеген салдарға әкелуіне мына жағдайлар әсер етті:

Біріншіден, ауыл шаруашылығын жаппай ұжымдастыруды жүргізуде алдын ала ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілмеді;

Екіншіден, табиғи–климаттық ерекшеліктері ескерілмеді. Шұғыл континентті климаттық белдеуде орналасқандығы туралы ерекшеліктері еленбеді;

Үшіншіден, ұжымдастыру кезеңінде материалдық-техникалық базаның жағдайы өте нашар болды, жекеленген өңірлерде мүлдем болмады (тұрғын үй, азық-түлік қоры, киім-кешек, ауылшаруашылық жер өңдейтін машиналары, еңбек құралдары);

Төртіншіден, көшпелі мал шаруашылығынан отарықшы ұжымдық шаруашылық құрылымына жедел өткізу, қазақ шаруа қожалықтарын феодалдық құрылымнан бірден социализмге өткізу өте шұғыл әрі қарқынды түрде ешбір дайындықсыз жүргізілді;

Бесіншіден, көшпелі мал шаруашылығы өзгерісімен қоса, мәдени өзгерістердің тікелей күштеп енгізу жатқандығын да ешкім жоққа шығара алмас.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті - Алматы: Жалын, 1997. - 298 б.
- 2 Самарская Е.А. Маркс, Гегель и коммунизм // Вопросы философии. – 2004. - № 8. - 192 с.
- 3 Бугалин А.В., Колганов А.И. Социальная философия постсоветского марксизма в России: ответы на вызовы XXI века (тезисы к формированию научной школы) // Вопросы философии. – 2005. - №9. -192 с.
- 4 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 4-том. - Алматы: Атамұра, 2010. - 452б.
- 5 «Қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығы» Коммуналдық мемлекеттік мекемесі (ҚЗТҚО КММ), 74-қор, 1-том, 118-іс, 53-54 папка.
- 6 Неизвестные страницы истории Семипалатинского Прииртышья (20-30гг. XX века): сборник документов. Часть 1. – Семипалатинск: СГУ имени Шакарима, 2002. – 250с.
- 7 ҚЗТҚО КММ, 3-қор, 1-том, 212-іс, 296-папка.
- 8 ҚЗТҚО КММ, 1-том, 181-іс, 3-папка.
- 9 ҚЗТҚО КММ, 3-қор, 1-том, 389-іс, 41-папка.
- 10 ҚЗТҚО КММ, 1-том, 212-іс, 294-папка.
- 11 ҚЗТҚО КММ, 3-қор, 1-том, 401-іс, 49-папка.
- 12 ҚЗТҚО КММ, 3-қор, 1-том, 389-іс, 41-папка.
- 13 Омарбеков Т. Зобалаң: Күштеп ұжымдастыруға қарсылық. 1929-31 жылдары болған халық наразылығы. – Алматы: Санат, 1994. - 224 б.
- 14 Рахметуллин Е. Абыралы көтерілісі (1931 жыл). [Электронды ресурс]– URL: [https://e-history.kz/kz/publications/view/abirali\\_koterilisi\\_1931\\_zhil\\_\\_4127](https://e-history.kz/kz/publications/view/abirali_koterilisi_1931_zhil__4127) (Қарастырған күні: 10.02. 2020 ж.)
- 15 Жанбосинова А.С., Жириндинова Қ.Р. Шыңғыстау көтерілісі: жаңа деректер негізінде зерттеу. [Электронды ресурс] – URL: <http://edu.e-history.kz/ru/publications/view/816>(Қарастырған күні: 15.02. 2020 ж.)



**Ж.С. Жылгельды**

*Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет,  
Семей, Казахстан*

### **Причины массовых восстаний против силовой коллективизации крестьянских хозяйств в Восточно-Казахстанском регионе**

**Аннотация.** В статье изучены государственная политика в отношении коллективизации Казахской АССР в конце 20-х и начале 30-х годов XX века и причины восстаний в Восточно-Казахстанском регионе. Рассмотрены историографические достижения советского и постсоветского периодов в выявлении причин восстаний крестьян в Восточно-Казахстанском регионе против политики коллективизации Советского правительства.

В исследовании автора дается оценка направленности исследований о причинах восстаний советского периода, ее достоверности и влияния на государственную политику. В настоящее время глубоко проанализированы направления и особенности современных исследований, четко обозначены цели.

Произведен анализ трудов, изданных после 90-х годов XX века, в частности, о неопубликованных в советский период работ, использованы новые архивные документы, таким образом, расширена область исследования, получены новые выводы.

В ходе исследования были выявлены политико-социальные, экономические, культурные причины восстаний, направленных против массовой насильственной коллективизации в конце 20-х - начале 30-х годов XX века. Рассмотрены сходства и отличия политики коллективизации в Восточно-Казахстанском регионе и других.

**Ключевые слова:** восстание, коллективизация, социальные вопросы, историография, Восточно-Казахстанский регион, причины восстания 1929-1932 гг.

**Zh.S. Zhylgelydy**

*Kazakh Humanitarian Law Innovative University, Semey, Kazakhstan*

### **Reasons for mass revolts against the forceful collectivization of farms in the East Kazakhstan region**

**Abstract.** The article examines the state policy in relation to the collectivization of the Kazakh ASSR in the late 20s and early 30s of the XX century and the reasons for the uprisings in the East Kazakhstan region. In the region of East Kazakhstan historiography of the Soviet period and the Soviet government on the reasons for the peasants' revolt against the collectivization policy envisaged in the post-Soviet period.

The author's research assesses the direction of research on the causes of the uprisings of the Soviet period, its reliability and influence on state policy.

Currently, the directions and features of modern research are analyzed in detail, and the goals are clearly defined.

After analyzing the works published after the 90s of the XX century, they were not published during the Soviet period, used new archival documents, expanded the field of research, and made conclusions of new quality.

The study identified the political, social, economic, and cultural causes of the uprisings against mass forced collectivization in the late and early 30s of the twentieth century.

The article analyzes the relationship of collectivization policy with uprisings in the modern East Kazakhstan region and in other regions.

**Keywords:** insurrection, collectivization, social issues, historiography, East Kazakhstan region, causes of the 1929-1932 uprising.

## References

- 1 Omarbekov T. 20-30 zhyldardagy Kazakhstan kasireti [The tragedy of Kazakhstan in 20-30 years], (Zhalyn, Almaty, 1997, 298 p.). [in Kazakh]
- 2 Samarskaya E.A. Marks, Gegel i kommunuzm [Marx, Hegel and communism], (Questions of philosophy, 2004, (8), 192 p.). [in Russian]
- 3 Buzgalin A.V., Kolganov A.I. Sochialnaua fhilosophya postsovetskogo marksizma v Rossii: otvety nabyzovy XXI veka (tezisy k fhormirovanienuchoisholy [Social philosophy of post-Soviet Marxism in Russia: answers to the challenges of the XXI century (theses to the formation of a scientific school)], (Questions of philosophy, 2005, (9), 192 p.). [in Russian]
- 4 Kazakhstan tarichy (konezamannanbugingedeiin) [History of Kazakhstan (from ancient times to the present day)], In five volumes, Volume 4, (Atamura, Almaty, 2010, 452 p.). [in Kazakh]
- 5 «Kazirgi zaman tarichyn kuzhattandyru ortalagy» kommunaldyk memlekettik mekemesi (KZTKO KMM), 74-kor, 1-tom, 118-is, 53-54 papka [Municipal State Institution «Center for Documentation of Modern History» (KSU CDNI), Fund74, volume 1, case 118, folder53-54]. [in Kazakh]
- 6 Neizvestnye stranichy istorii Semipalatinskogo Priirtishya (20-30g.g. XX veka): sbornik dokumentov. Shast 1. [Unknown pages of the history of the Semipalatinsk Priirtysh region (20-30 years of the twentieth century): a collection of documents. Part 1.], (SSU named after Shakarim, Semey, 2002, 250 p.). [in Russian]
- 7 KZTKO KMM, 3 kor, 1tom, 212 is, 296papka [KSU CDNI, Fund3, Volume 1, Case 212, Folder296]. [in Kazakh]
- 8 KZTKO KMM, 1tom, 181is, 3papka [KSU CDNI, Volume 1, Case 181, Folder 3]. [in Kazakh]
- 9 KZTKO KMM, 3 kor, 1tom, 389is, 41papka [KSU CDNI, Fund 3, Volume 1, Case 389, Folder41]. [in Kazakh]
- 10 KZTKO KMM, 1tom, 212 is, 294papka [KSU CDNI, Volume 1, Case 212, Folder 294]. [in Kazakh]
- 11 KZTKO KMM, 3 kor, 1tom, 401is, 49papka [KSU CDNI, Fund 3, Volume 1, Case 401, Folder49]. [in Kazakh]
- 12 KZTKO KMM, 3 kor, 1 tom, 389 is, 41 papka [KSU CDNI, Fund 3, Volume 1, Case 389, Folder 41]. [in Kazakh]
- 13 Omarbekov T. Zobalan: Kushtepuzhymdastyrugakarsylsk. 1929-31 zhyldary bolgan chalyk narazylygy [Sabalan: resistance to forced collectivization. Discontent of the people, occurring in 1929-31.], (Sanat, Almaty, 1994, 224 p.). [in Kazakh]
- 14 Rakhmetullin E. Abyralykoterilisi (1931) [The Abiralinsky Uprising (1931).], [Electronic resource], Available at: [https://e-history.kz/kz/publications/view/abirali\\_koterilisi\\_1931\\_zhil\\_\\_4127](https://e-history.kz/kz/publications/view/abirali_koterilisi_1931_zhil__4127) (Accessed: 10.02.2020). [in Kazakh]
- 15 Zhanbosynov S.S., Zhirindinova G.R. SHyngystaukoterilisi: zhanaderekternegizindezertteu [Giandinoto the rise of Shyngystau: a study based on new data], [Electronic resource], Available at: <http://edu.e-history.kz/ru/publications/view/816> (Accessed: 15.02.2020). [in Kazakh]

### Автор туралы мәлімет:

**Жылгелді Ж. С.** - Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің 3 курс докторанты, Семей, Қазақстан.